

## “ҚАЗАҚ” ГАЗЕТІНДЕГІ ОЙ ОЯТҚАН ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

“Қазак” газетіндегі “Өлең-жыр” айдарымен берілген өлеңдерді қарастырғанда, оның қазақ поэзиясының көркеюіне өзіндік үлес қосып, азатшыл ойдың көрігі болғанына көз жеткізуге болады. Өлеңнің көркемдігімен қатар мән-мазмұнының терең, заман талабына жауап берер өршіл үнді болуын қалаған газет жарияланар өлеңдерді авторлардың беделіне емес, сапасына қарай таңдаған. Сондықтан «Қазақта» айтылар ойдың салмағы арқылы азатшыл ойдың ажарын аша алған өлең-жырлар ғана орын тапқан. Ал негізгі де тұрақты авторлары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Дөнентайұлы, Ғ. Қарашев, Б. Майлин т.б. болған.

Осы басылымда жарияланған өлеңдердің ішінде, әрине, Мағжан Жұмабаевтың лирикалары айрықша көз тартады. Қазақ поэзиясына лирикадағы ерек-

ше сезімшілдігімен, сыршылдығымен келген Мағжан Жұмабаев жырлары айрықша ілтипатқа ие. Кезінде Жүсіпбек Аймауытов: “Мағжан алдымен сыршыл ақын. Ол жүректің қобызын шерте біледі. Мағжан не жазса да, сырлы, көркем, сәнді қылып жазады”, – деп баға бергенді [1.21,7].

Ақынның “Қазақта” басылған өлеңдері тақырып жағынан әр алуан. “Орал тауы”, “Есімде... тек таңатсын”, “Жарыма” сияқты өлеңдері азаматтық лириканың озық үлгілері ретінде, ақынның азаматтық рухын танытса, “Туған жер”, “Көңіл”, “Зар” – Мағжанның туа біткен табиғатына тән, сезімнің нәзік қылдарын шерткен сыршыл жырлары. Ал енді, “Дін үйреткенге” өлеңінде ағартушылық сарын, дін мен ғылым-білім парқына ой жіберу көзге шалынса, “Орамалда” 1916 жылы “қан жылаған қазақ баласы” қасіретке оранған сұрғылт заман суретін сөз

кестесімен өрнектеген. Бірақ, қай-қайсысында болмасын Мағжанға тән сыршылдық, жібектей үлбіреген нәзік сезім мыңқұбылып, жарк-жүрк еткен сансыз бояу тұтасып жатады. Ақынның “Есімде.. тек таңатсын” өлеңі – аса бір өршілдік рухта жазылған жалынды жыр. Осы бір азаматтық лириканың нозық үлгісінен жоғарыдағы пікірімізге тірек тапқандаймыз.

Еріктіңеркетайы, ардақтысы,  
Алтайдыңақ иығы – алғыр құсы,  
Алаштың Арқада еркін ойнақтаған  
Жол тосқан жауыз жауда болды ма ісі?

Мас болып күш пен қайрат, қалыңбуға,  
Алданып ойын-күлкі, сауық-шұға.  
Сергімей жата беріп, сезбей қаппыз.  
Жақындап барып қапты Күн батуға [2].

Ен далада еркіндікті серік етіп, еркін жүрген қазақ халқының басына төнген қасіреттің қара бұлттын аңдамай, аңғармай, бойына үйір еткенін ақын керемет теңеу, жанды суреттермен жеткізеді. Көркемдіктің көрігіне суарылған ақын сөздері ойнақы келіп, жеңіл оқылғанымен, астарына сан қатпар сыр жасырып жатқандай. Ол сыр – ақынның қан жылаған жүрек зары.

“Қазақ” газетінің бетінде жарияланған Мағжан өлеңдерінің бітім- болмысы мен сыр-сипаты жөнінде “Қазақ” газеті зерттеу еңбегінде Ө. Әбдіманов былай дейді: “Мағжан өлеңдерін “Қазақ” газетіндегі сезімді селт еткізер жан дауасы, сұлулықтың, сезімдердің мөлдір суреті десек те болғандай. Мағжанның нәзік сыршыл, сезімтал ақын екені белгілі. Бірақ оның жыр дестелерінде азаматтық әуез, саяси әуен басымдау жататын өлеңдері де жоқ емес. Дегенмен ақын сол өлеңдердің өзінде өлеңнің нәзік күйін сезім қытықтайтын әдемі үнін сақтап, мұңның өзін мың бояумен құбылтып, сан алуан сыр шертеді. Сондықтан оның өлеңдері “Қазаққа” көркемдіктің шырқау биік көрінісіндей боп, өлеңге ғашық оқырманның құмыға оқыр жырына, «сөзден сурет сарлар» үлгісіне айналды» [3,132].

Біз Мағжан өлеңдерінің мазмұнынан оның азаматтық рухы мықты ақын, қазақ жұртының қамын жеген азамат екенін анық байқаймыз. Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын терең зерттеген шетелдік ғалым Хасен Оралтай өзінің “Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны” деген кітабында “Қазақ” газетінде жарияланған мақалалармен қатар әйгілі ақын Мағжан Жұмабаевтың түркішіл өлеңдері ілтпатқа ие болды”, – деп жазды [4]. Ақын өз өлеңдерінде сезім мен сыршылдықты тоғыстыра отырып, оны сан түрлі суретпен құлпырта береді. Сондықтан ақын өлеңдері талай

ақынның үлгі алар нұсқасына айнала алды.

Бімұхамбет Майлин – “Қазақ” газетінің бетіндегі “Өлең-жыр” айдарының тұрақты авторы. Газеттің 1915 жылғы 101-санында оның “Жазғы хабар” атты өлеңі жарияланыпты. Өлеңде автордың ақындық қолтаңбасы танылады. Көркем табиғатты келісті бейнелеп, дала тіршілігі ояңған мезгіл суретін дәл береді:

Қыс өтіп жаздыңайы келді күткен,  
Бізғардан жан-жануар құтылды өткен.  
Ұшқан құс, суда балық, құрт-құмырсқа,  
Тірлікте қам қылып жүр бәрі де еппен, –

деп басталатын бұл өлеңде тіршілік иесінің құр қарап жатқаны жоқ, біреуі мал бақса, біреуі білім алып, ізденуге, кәсіп жасауда. Бәрінің көңілінде таудай талап, мақсат бар деген үмітті сенімділік те көрініс тапқан.

Қашаннан адамзаттың мәлім халі  
Білуде өнер, білім ынтызары.  
Бір тиын болсадағы пайда қып жүр,  
Тұрғанда тәнде аман шыбын жаны.

Өлеңнен тәрбиелік мән де өзек тапқан. Мысалы төменгі жолдарда ақын:

Ақсақал, қара сақал қалмай бірі,  
Арылмай дау-жанжалы, көңіл кірі,  
Шұбырып бәрі соны қолға алып жүр,  
Еш кәсіп табылмас деп мұнан әрі, –

деп қазақтың ескі, жаман әдеттерін, ел арасындағы дау-дамай, тартыстарды қатты сынайды. Осы ой Бейімбеттің “Штат” атты өлеңінде өз жалғасын тапқан.

Ай, штат, не қылмадың қазағыма?  
Салдыңғой момындарды азабына  
Байларға мыңды айдаған көлгірленіп,  
Алдымен іліктіңді тұзағыңа.  
Кетірдін қарап тұрып берекесін,  
Әуей қып ақылсызды ер етесің.  
Досқа дос шырай беріп жүрместей қып,  
Азайттың ойын-күлкі мерекесін.

Ақын бұл өлеңінде билікке таласқан байлардың өзара тартысын суреттей отыра, ел басшыларын аздырған, ел-жұрттың берекесін алған «штат» атты алауыздықтың сырын ашады. Осы арқылы Б. Майлин халқының көзін ашуға ұмтылып, ақ-қараны айқындап, жақсы менен жаманның ара жігіне оқырман көзін жеткізеді.

Негізінен, XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдарға белсенді араласып жүрген ақын-жазушылардың барлығы дерлік бір бағыт, бір сипатта жазды. Олардың бүкіл шығармашылықтарының басты мақсаты – жұртқа үгіт-насихат, нақыл-өсиет айту болатын.

“Қазақ” газетінің құндылығы туралы Мәмбет

Қойгелдиев: “... газет материалдары ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық процестерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер болып табылады” дейді [5, 19]. Газет материалдарымен танысқанда жоғарыдағы пікірге көптеген дәлел табуға болады. Бұған Бейімбет өлеңдері де жол ашады.

Газеттің соңғы 1918 жылдың 259 санында Бейімбет Майлиннің “Бұл күнді көретін күн бар екен” атты өлеңі жарияланыпты. Керемет қуаныш сезіміне толы бұл өлеңінде ақын Алаш орда шаңырағын құлатпауды басты міндет біліп, ұлт бірлігін, ел намысын жырлайды.

Алалықты арадағы жойдырып,  
Заман келді бірге тұрып, бірге жүрер, –

деген жолдар арқылы ақын Алашты құрып, арманға жеткенмен, алда әлі бұрынғыдан да қиын кез туғалы тұрғандығын, ендігі керекті ақыл-білім екендігін, өзімізді өзіміз сынап көрер уақыт жақындағын алға тартады.

Бұл қазақ өмірінде көптеген өзгерістер болып еркіндік тиіп, айтар ойларын ашық айта алатын кезеңге жеткен уақыт болатын. Осы кезең туралы тарихшы ғалым Қамбар Атабаев: “Тек, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін ғана “Қазақ” газеті қуғыннан құтылып, оның авторларының қолы бұғадан босанды. Сол жылдың 9-наурызындағы 221-нөмірінен бастап “Қазақ” өз халқы – қазағына ашықтан-ашық еш бүркемессіз қызмет етуге мүмкіндік алды. Сөйтіп, “Қазақ” газеті тарихының жаңа кезеңі басталды”, – деп жазады [6, 42].

Жоғарыда келтірілген Б. Майлиннің “Бұл күнді күн бар екен көретін” атты өлеңі соның жемісі деп білеміз. Ұлт мүддесі үшін қызмет етіп, бүкіл саналы өмірін осы мақсаттарды жүзеге асыру жолына арнаған абзал азамат ақындық шабытпен қолына қалам алып, қуанышын жұртымен бөлісуді міндетім деп санаған.

Қамбар Атабаев: “Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты (1914) “Қазаққа” қарсы қысым жасау әрекеті одан әрі күшейтілді. Егер, бұрын газет жарыққа шыққаннан кейін ондағы сезік тудырған мақала орыс тіліне аударылып, оның ресми жүйе үшін қаншалықты зиян екені анықталса, енді Ресейдің әлемдік соғысқа араласуына байланысты, 1914 жылдың 24 тамызында шыққан “Қазақтың” 75-нөмірінен бастап, газет материалдары алдын ала әскери цензурадан өтуге тиіс болды. Тек цензурадан өткен мақала ғана жарияланып, газетке “Дозволено военной цензурой” деп жазылатын болған” – дейді [6, 322].

Осындай қиын кезеңде де бүтін бір халық бетіне қарап, сөзін тыңдап отырған “Қазақ” газеті өз жұмысын тоқтатпауға тырысты. Ой оятатын өлеңдердің көбі бүркемешік есіммен жарияланып отырды. Мысалы: Шарман, Кішкентай, Ай, Желкек, Жылыс, Қазақов, Бұртаң, Байқаушы, Қаптағай, Қазақ Алашбайоғлы деген лақап есімдермен көптеген өлең-жырлар жарық көрген.

“Қазақ” газетінің 1916 жылғы 166 санында Қазақ Алашбайоғлы деген бүркемешік атпен “Обалы кімге?” деген өлең жарияланыпты. Бұл өлеңнің авторы А. Байтұрсынов деп білетін Өмірхан Әбдіманов мынадай пікір айтады: “1916 жылдың аласапыранды тұсында елдің “қызыл қанға боялмауын” тілеген Ахмет қарулы көтеріліске қарсы болып, саяси жолмен, келісіммен шешудің жолында жүрді. Әрине, Ахмет бастаған топтың бұл әрекетінің дұрыс-бұрыстығына уақыт таразы. Қалай болғанда Аханның елге жамандық ойламағаны белгілі. Біздің бұл ойымызды оның сол бір тұста “Қазақ” газетінде Қазақ Алашбайоғлы деген бүркемешік есіммен жарияланған “Обалы кімге?” өлеңі дәлелдей түседі” [3, 124-12]. Цензураның қыспағынан көз аша алмаған Ахан өлеңін астарлап жазған. Өлеңді бойды ашу-ыза керней отырып оқисыз. Себебі автор сол кездегі кемшіліктерді әшкерелеуші сарказммен суреттеп, сынайды. 1916 жылдың лаңынан дүрліккен халықты үріккен қойға теңейді.

Шошыды қой,  
Ойламай ой,  
Жел беруші молдықпен,  
Ақырынан қорқамын,  
Бола ма деп үлкен той, –

деген жолдарда алда жақындап келе жатқан бір сұмдықты ақын іштей сезетіндей және де оны астарлы кекесінмен берген.

“Қазақ” газетінде жарияланған өлең-жырлардың бәрі де халықтың мұң-зарын, қайғы-қасіретін, арман-тілегін жырлауға арналған. Ел билеушілерінің озбырлығы, паракорлығы әшкереленіп отырған. Баспа бетінде жарық көрген өлеңдерінің көркемдік деңгейі жоғары, ал мән-мағынасы, ақындардың айтпақ ойлары, идеясы тереңде мәнді.

“Қазақ” газетінде жарияланған өлеңдердің тақырыбы сан алуан болғанменен, сайып келгенде, құяр арнасы, түйісер жері біреу-ақ. Ол – сол уақыттағы ең бір өзекті нәрсе – халықтың теңдігі мен ел ішіндегі надандықтың жойылуын жырлау. Ақындар осындай алдыңғы кезекте тұрған, ел өміріндегі көкейкесті мәселені аттап кете алмады. Өздерінің бар күш-жігерін көзі ашық болғанымен, көкірегін көлеңке көмкерген халқын оятуға, соларды басқа озық елдермен теңестіруге шақыру жолына жұмсады.

Сол зиялылардың қатарында газеттің белсенді авторларының бірі Сәбит Дөнентаевты атауға болады. Оның “Қазақ” газеті бетінде “Азаттық күні”, “Әр жан әр түрде”, “Жаз”, “Жанға”, “Тоты құс”, “Жаңа жыл құтты болсын” және “Ұлтшылдарға” деген өлеңдері жарияланған. Өнерді өркендететін нәрсенің біріншісі – өмір болса, екіншісі – суреткердің дарын-қабілеті болып табылады. Ақын суреткерлігінің мықты болуы – оның интеллектуалдық, эмоциялық, рухани, эстетикалық білік-біліміне тікелей қатысты. Өз дарын-талантын, бойындағы бүкіл білімін шығармашылығына сарқа жұмсаған, елі мен туған жері үшін жанын пайда еткен алаш ұлдарының бірі – Сәбит Дөнентайұлы.

Газеттің 1915 жылғы 92-санында Сәбит Дөнентайұлының “Тотыға” атты өлеңі жарияланған. Сырттай қарағанда тотықұс керемет болып көрінеді. Сайрайды, айтқаныңды қайталайды.

Көңіл ашар тотымсың,  
Жайнаған шоқ отымсың.

Солай бола тұрғанымен, оның ішкі сырына, мәнісіне тереңірек үңілсек, басқа жайға да қанығамыз:

Кендүниені көре алмай,  
Тар қапаста отырсың.  
Еліктеуің болмаса,  
Өз сарайыңсоқырсың.  
Соның үшін қарға боп,  
Босансаң... шоқырсың.

Сәбит Дөнентайұлының мысал өлеңдердің шебері екенін білеміз. Мысалы, “Бозторғай” өлеңі осы сөзімізге дәлел. Ақынның “Тотысы” да мысал өлеңдер қатарына жатады. 1915 жылы жазылған бұл өлең нен осы жылдардағы кейбір «зиялысымақтың» сипатын танымыз. Қазақ қоғамының болашағы, оның дамуы С.Дөнентайұлын отаншыл жан ретінде қатты толғандырған. Ақын сынаған қазақ елінің ертеңі айқындалатын тұста ел сенген, ел үміт артқан жақсылардың “бұлбұл көрсе бұлбұл, дүлдүл көрсе дүлдүл” болып “құй-қылжытып” жүргендігі олар қылық емес еді. “Тотыға” мысал өлеңінен сол кездің заманның кейпін, сырты дүрдей, іші бықсық «оқығанның» келбет-кескінін нақты танымыз.

“Қазақ” газетінің бетінде сол баяғы “Қырық мысал”, “Оян қазақтан” бастау алған өзгеше сарын өзек тауып, өзіндік бағыт қалыптастырды. Басылым бетінде жарық көрген өлеңдер өз заманына сай үн қатып, небір келелі мәселелерді көтеріп, үлкен ой тастап отырды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің тыныс-тіршілігіне белсене араласқан алаш азаматтарының бірі – Ғұмар Қара-

шев.

“Қазақ” газетінің бетінде Ғұмар Қарашұлының жер мәселесі, дін туралы, муфтилік туралы, т.б. тақырыптарға жарияланған мақалаларымен қатар, “Сүйінші”, “Екі бауырға” деген өлеңдері басылған.

Газеттің 1916 жылғы 171-санында ақынның “Екі бауырға” деген өлеңі жарияланыпты.

Жік салмай, екі бауыр, араңызға,  
Төрдегі байқап қара анаңызға.  
Айырмай қала, дала тисе тиер,  
Сыбаға ұраны бір қараңызға, –

деп басталатын бұл өлеңде автор сол кездегі барлық зиялылардың арманы болған, әрқайсысы өз шамасынша жырлап өткен бірлік тақырыбын көтереді. Ал келесі шумақтан өлеңарқау еткен ой айқындала түседі. Ол түбі бір түркі жұртының бірлігі.

Ат айтқан жаттық емес “қазақ, татар”,  
Баласы бір ананың өскен қатар.  
Біріксе жөней бара айқын жолда,  
Жарық таңалдарынан жайнап атар.

Бұл жолдардан автордың қазақ пен татардың, жалпы түрік тектес халықтар бірлігінің жақтаушысы болғандығын айқын танымыз.

“Жасасын, Алаш! Көркейсін Алаш!” деп ұрандап өткен зиялыларымыздың алдына қойған ұлы мақсаты – бостандық болғанын “Қазақ” газетінің тігінділері нақты дәлелдейді.

Қазақ поэзиясына өзіндік өзгеше үнмен келген ақын, «Қазақ» газетін шығарушылардың бірі – Міржақып Дулатов. Газеттің 1916 жылғы 166-санында “Өлең” айдарымен оның М.Д. деп қол қойған “Қара құс ыәм адам” деген өлеңі жарияланған. Бұл мысал өлеңтоғыз шумақтан тұрады. Ақын қара құс пен адамды тілдестіріп, мысалды екеуінің диалогына құрған. Өлең:

Жалғанға патша баланған,  
Данышпан, ізгі саналған.  
Аллашпыл әділ адамнан  
Қайдан шықты бұл мінез? –

деген Қара құстың сөзімен басталады. Жүрегінде Алласы бар, иманы түзу адамдарға не болған деген сұрақтар төңірегінде ой қозғаған ақын Қара құс атынан сөйлей отыра, қоғамдағы бүкіл кемші-лікті, адам бойындағы жауыздық, мейірімсіздік сияқты қасиеттерді сынайды.

Адам: Жазбен бірге жаңғырып,  
Көңілге нұр, жан кіріп,  
Біз біткенде қаңғырып,  
Жоғаларсың сен өзің, –

деген соңғы шумақтардан біз алғы күндерге деген сенімді байқаймыз. XX ғасырдың бас кезіндегі патша цензурасының қыспағынан көз аша алмаған

ақындар айтарының көбісін осындай мысалмен пернелеп айтқаны белгілі. Сондықтан да сол кезеңдегі қолына қалам ұстаған, жүрегі “алаш” деп соққан шығармашылық тұлғаның көбі мысал өлеңге жүгінгеніне тандануға болмас.

Газеттің 1916 жылғы 200-санында “Өлең” айдарымен “Мадияр” деп қол қойған Міржақыптың “Намыс құрбанына” деген өлеңі жарияланған. Тақырыптың астына жақшада “марқұм Сүлеймен Бижанұғлына бағыштадым” деп жазылған.

Сен жоғыңда бұ жалғанда,  
“Жалған олқы” деді кім?  
Сен келгенде арамызға,  
Қанша орасан толды кем? –

деп басталатын өлеңарнау, толғау өлеңтүрінде жазылған. Төрт шумақтан тұратын осы бір шағын өлеңге автордың бүкіл ішкі көңіл-күйі сыйып кеткендей.

Қайтып едің қалыбына,  
Бар ма нәрсе өзгерген?  
Сен бір сыншы, көрейін деп,  
Сұм жалғанға кез келген.

Ақын өзін-өзі өлімге қиған жолдасының асығыс ісіне өкініш білдірсе де, жігер қайрап, намыс жаниды:

Бар жолдасың бойындағы  
Ар-иманың намысың.  
Не қылайын деп едіңсен  
Бұл жалғанның табысын.  
  
Намысыңа тиіп еді,  
Қылдыңқұрбан мал-жанды.  
Ата-анаңды, аға-ініңмен,  
Елі-жұртың, жалғанды.  
  
Мен де жана білдім енді,  
Ер жігіттің сымбатын.  
Білдіруге келгеніңді,  
Ар-намыстың қымбатын...

Автор әділетсіз іске намыстанып, шындық жолында өзін-өзі құрбан еткен, ар мен намысын жоғары қоя білген жолдасының азаматтығын бағалайды. Сол арқылы бүкіл ел-жұртқа әділеттілік пен шындықтың қадірін түсіндіруге тырысады. Елі мен жері үшін аянбай тер төгетін, нағыз қазақ жігітіне тән сыр-сымбатқа, ержүрек батылдыққа разы болады.

М.Дулатовтың газетте жарияланған “Шәкірт” (1913, №30), “Потанинге” (1915, №150), т.б. өлеңдерінде халыққа пайдасы тиген, ел игілігі үшін еңбек етіп, ел тілегін ақтап жүрген азаматтардың ісі дәріптелді.

М.Дулатовтың “Қазақта” жарияланған келесі бір толыққанды жыр шумағы – ақынның айтпағы анық сезілетін, тың көзқарасты мол қамтыған “Жаңа

тілек”. Өлеңнен “Алашым” деп елегізіп тұрған жұмбақ жанды емес, жалынды сөз, жақсы тілек, тәтті арманмен болашаққа батыл қадам басқан нық сенімді лирикалық қаһарманды көреміз.. “Өз күніңді өзіңкөр” деген екі ұштылау нұсқау емес, мақсатына ұмтыл, көзіңді аш, надандықтың қамалын қиратып, “Оян, Алаш!” деген екпінді ұран, өр үн келеді құлаққа.

Жұрт болудың ойланалық амалын,  
Қамсыз жатар емес енді заманың.  
Надандықтың қираталық қамалын,  
Мақсатыңа ұмтыл таяу, Алашым!  
Өз қамыңды өзіңойлан ел болсаң,  
Ел боламын, теңболамын дер болсаң.  
Көктен теңдік келмес өзіңкем болсаң,  
Мең-зеңболмай, талпын, оян Алашым!” [9].

“Жаңа тілек” қазақ даласына жаңа заман лебінің келе бастаған кезде жазылған. Кешегі қапаста қамалып, кемдікте қамығып жүрген жұрт, енді отарлық бұғауынан босап, жаңа өмірге бет түзеп келе жатқан сәт. Ақын ойы сондықтан ашық, сондықтан еркін, сондықтан да батыл. Мақсат тек ұран тастауда ғана емес, ненің жөн екенін біліп те бағамдай алуға.

“Қазақ” газетіндегі өлеңдері ой саларлық ақындардың бірі – Ахмет Мәметов. Ақын өлеңдерінің өзегі шексіз сүйіспеншілік пен елдің жарқын келешегіне деген үлкен үміттен тұрады. “Тілегім” өлеңінде ақын көкейіндегі көңілін күпті етіп жүрген тілектерін тізіп шығады. Ақынның тілегі алашыныңғылым-білімге қол жеткізуін аңсауда жатыр.

Азамат Алашұлы атағымен,  
Ғылымның тұшпарына мінген көрсем.  
Үйренген білім-өнер арқасында,  
Рахат тыныш дәурен сүрген көрсем,  
Айтылған осылардың бәрін көріп,  
Құдайға арманым не, сол күні өлсем” [7], –

деген өлең жолдарында ақынның асқақ арманы жатқан жоқ па?! Өнер біліммен озық елдер қатарына қосылып, басқалармен тереземіз тең болса екен деген тәтті тілек ақын жанын үнемі тебіrentіп отырады. Надандықтан құтылудың жарқын жолы – ағартушылық XX ғасырдың басында еңбасты мәселенің бірі болғаны белгілі. Ахметтің бұл тақырыпқа қалам тартпай қалуы, толғанбауы мүмкін емес еді.

Газеттің 1917 жылғы 222-санында “Алашқа сәлем” атты өлеңінде А.Мәметов теңдікке қол жеткізген қазақ халқының қуанышына ортақтығын білдіріп:

Мінеки, бүгін елге ерік болды,  
Сұрай бер керегіңді бастан Алаш?–

деп еркіндік алған елін алға қарай батыл қадам жасауға шақырады. Алда талай сындар күтіп тұрға-

нын меңзей отырып, қандай қиындықты болса да жеңіп шығуын тілейді. “Бұрынғы қыспа таяқтан” азат болған Алашты құттықтап, “Азат Алаш, даңқты Алаш” деп, жүрек жарды қуанышын білдіреді.

А.Мәметов өз өлеңдеріне тек әлеуметтік тақырыптарды ғана арқау етіп қоймай, табиғатты, сезімді жырлаған сыршыл өлеңдер де жазған. Оның “Су жағасында” деген әдемі өлеңі бар. Онда табиғат көрінісі көркем де жанды суреттелген.

Бір заман бақа даусы шуылдайды,  
Ән қосып су бетінде қимылдайды.  
Қарасанай түрініастын ала,  
Су беті үйрек қазбен жыбырлайды [8].

Ақын айлы түн астындағы айнадай жарқыраған көл бетінің көрінісін, осынау сұлу суретке түрлі үн қосқан, табиғаттың тамылжыған келісті үйлесімін керемет суреттейді.

“Қазақ” газеті бетінде бұл сынды сыршыл өлеңдер санаулы-ақ. Әрине, мұнынбасты себебі, газет алға қойған мақсатта жатса керек. Мақсат біреу ғана ол – ел санасын ояту. Сананы тек салмақты ой-пікірі бар өршіл рухтағы поэзия ғана оята алары шындық. Мұнда кейде келісті көркемдіктің назардан тыс қалып жатуы әбден мүмкін, өйткені уақыт талабы қашан да алға өз мақсатын қояды. Әйтсе де, көркемдігі кемшін соғар өлеңдер біз сөз етіп отырған басылымда жоқтың қасы десе де болады. Дұрысын айтқанда, “Қазақ” газетінің бетінде “Өлең-жыр” айдарымен үзбей беріліп отырған ақындардың озық-үлгілі өлеңдері, қазақ поэзиясының әр қырынан дамып, өркендеуіне негіз болды. Газет бетінде көркем жазылған, мазмұнға бай сапалы өлеңдер іріктеліп басылып тұрған. Ол өлеңдер ел рухын оятып, жастардың жігерін жаныды.

XX ғасыр басында алаштың ой-санасының ұясына айналып, ұзақ мерзім бойы шығып тұрған “Қазақ” газетінің ұлт тәуелсіздігі жолындағы

күрестегі орны айрықша. Соның бір белгісі біздің мақаламызға арқау болған өлең-жырлар. Әрине, бір мақаламен «Қазақ» жарияланған бар өлең-жырлар туралы түгел сөз қозғау мүмкін емес. Біз тек бұрын сөз бола қоймаған туындылар жайлы ой білдіргенді жөн көрдік. Ал алаш ардағына айналған басылымдағы өлмес жырлар туралы түптей сөз қозғау алдағы күндер еншісінде.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Жұмбаев М.* Шығармалар. Алматы: Жазушы, 1988.
2. Қазақ. 1915. №110.
3. *Әбдіманов Ө.* “Қазақ” газеті. Алматы, 1993.
4. “Азат”. 1991. №8.
5. *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы, 1996.
6. *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі – қазақ тарихының дерек көзі (1870–1918). Алматы, 2000.
7. “Қазақ”. 1917. №221.
8. “Қазақ”. 1915. №99.